

Ясин ҚҰМАРҰЛЫ

“БИ” СӨЗІНІҢ ТӨРКІНІ

Автор мақалада «би» сөзінің шығу тегіне ғылыми талдау жасайды. «Би» сөзінің тегі бір қарағанда қарашайым мәселе болғанымен, оның ішкі мәні теренде жатады. Ол бидің төркіні қайдан келген, биді қалай тусіну керек, қазақта би болған ба, қашаннан болған деген мәселелерге барыш саяды. Би билеу мен биліктің байланысына назар аударады. Би сөзінің этимологиясын талдайды.

Кітп қөздер: Би, билік, шаман, этимология, би билеу, бақсы, бақсылық ойын.

Қазақта ән болмаған, би, күй болмаған дәүспі мәңгүрттер бүгінгі күнің тұмалары ғана емес. Оның алдыңғыларын сонау XIX ғасырдан да жолықтыруға болады. XIX ғасырда қазақ жеріне келген К. Дужан: “Көкпекті округі қазақтарының үйлену әдет-ғұрыштары” атты естелігінде: “Қазақтарда, шынына келгенде, тікелей үйленуге ғана тән болатын ән, музыка немесе би жок; көшпілік жағдайда олардың өлеңдері бірнеше сөздердің мағынасыз қосындыларына тұрады; бір қуаныштысы - сөздер үйқасып аяқталады. Осы жерде өлеңді құрастыруданы шеберлік көрінеді және ол кез келгеннің қолынан келе бермейді”, – деп жазады [1].

Автордың сөзінде қисын бар дейін десек, қазақта үйленуге тән би мен күй болмай-ақ қойсын, ән мен ән ырғағы жоқ деу барып тұрган сорақылық болмас па?! Қазақта үйлену мұрасымдарына байланысты ән мен ән ырғағы жеткілікті екендігі кімге болса да белгілі жай. “Сыңсыма”, “аужар”, “көріс”, “беташар” сияқтылардың үйленуге қатысты ән-жырлар емей не болмақ? Тіпті қазақтың анадан шыр етіп жарық дүниеге келгеннен, қайта қара жердің құшағына кіргенге дейін әнмен қарсы алыныш, әнмен ұзатылып салынатындығын қазақты түсінетін барлық жан біледі. Қазақта үйленуге қатысты ән-күй жоқ деп отырған жаңнан, қазақ биі туралы дерек дәметудің өзі де сорақылық болар еді.

Қазақта би болған ба, “би” сөзі қазақта қайдан келген деген мәселеге мәдениеттанушылар ертеден назар аудара бастағаны байқалады. 1892-1938 жылдар аралығында өмір сүрген режиссер, драматург, актер, қазақ ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін салушылардың бірі Жұмат Шанин: «Қазақта би болмаса, онда “би билеу” деген сез қайдан шыққан?» деген екен. Ендеше, шыңдығында “би” сөзі қайдан келген? Оның арғы мағынасы не? Бұл – кімді болса да толғандыратын мәселе.

Қазақтың сөздік қорында “би” сөзінің екі түрлі мағынасы бар: 1. Би - дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық

Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

біліктің иесі. 2. Би - саз ыргағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін көне өнер түрі.

Билік иесін білдіретін “би” сөзі орхон-енисей түрк мәтіндерінде “бек”, “беклік” түрінде жолығады. Құлтегін құльштасының шығыс бетінде “беклік” сөзі бар. Ол кәдімгі бек, бектік мағынасында.

Галымдардың, олардың ішінде В.В. Бартольдтің пайымдауыша, билікті білдіретін “би” сөзі шамамен 14-15 ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі “бек” атауының бір нұсқасы ретінде пайда болған. Сейтің, ол басқарушы, ел билеуші мағынасын білдіреді. Уақыт өте келе би сөзі бастапқы семантикалық - тілдік реңінен ажырады, негізінен, дау-жанжалды шешептің, кесімді төрелік айтатын, әділ үкім шыгаратын адамды бейнелесу, атау үшін қолданыла бастады.

Шындығында IX–Х ғасырлардағы түркі тілдерінде сөз соңындағы *r, r' < и-ға* алмасу заңдылығы болған. Мәлімет тым ташы болса да Шығыс Еуропадағы оғыз тайпаларының тілінен осындағы мысалдар байқалады: *бәг>бай* (сұру күлбай), *қатағ>қатай* [2].

Қазақтардың дәстүрлі түсінігінде кейінгі би мынандай төрт түрлі мағынаға ие атау болған: 1. Ел билеушісі, иелік етуші; 2. Сот, төрепші; 3. Батагей, шешен; 4. Бітістіруші, дипломат, елші.

Саз ыргағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін көне өнер түрі “би” туралы түркі жазбаларында ұшырайды.

Онда: “Тәңірлердің жырың, ойнын жырлап билеп... Алыстан тәңір бүрханды мадақтарап отырды” / «tänrlär iřin ojuň irlaju büdijü īraqtan tänri bıtxanig öğä jīva turdilar»;

“Гүлін алып билеп барып” / «Kuasın alıp büdijü barıp»;

“Сүйініп көрсе онда ойын не би” / «sevinē körsä tus'tä ojuň ja büdik» деген сияқты мәтіндер жолығады.

Бұдан да, жоғарыдағыдан көне түркі тілдеріндегі дыбыстардың алмасу заңдылығы бойынша қазақ тіліндегі би билеу дегендегі “би” дәл осы көне түркі тіліндегі “бүдік” сөзінен келген дең қорытынды жасауға болар.

Алайда, бізді одан басқа да, бидің ең басты келіп шығу негіздерінің бірі болған шаманизмге қатысты ұғымдар мен түсініктер қазақ тіліндегі “би” сөзінің тегін бұдан да кең аумақта қарастыруға жетелейді. Эрі ол жоғарыдағы біз айтқан екі “би” сөзің, яғни билікті білдіретін “би” мен би билеу дегендегі “би”-ді төркіндестіруге жебейді.

Әрине, билікті білдіретін “би” мен би билеу дегендегі “бидің” байланыстылығын қарастыру үшін, әуелі бақсылық пен би билеудің, бақсылық пен биліктің, сондай-ақ би билеу мен биліктің иендей байланысы барлығына назар аударуға тұра келеді.

Бақсылық пен би билеу: Бақсылық шаманизмның басты белгілерінің бірі. Шаман бақсылары шамандық нағымға сай, адам мен тәнірдің немесе

адам мен ие-киелердің арасын жалғаушы, шамандық рәсімдерді басқарушы, атқарушы, үйымдастырушы, шамандық балшы, сөуегейлік айтушы, болжагыш, шамандық үкімдерді, қорытындыларды шығарушы, шамандық билік айтушы, т.б. Бақсылық пен би билеудің етенелілігі ертеден белгілі, яғни би билеу – бақсының бақсылық рәсімдеріндегі кем болса болмайтын басты өнердің бірі.

Мамандар шаман дінінің пайда болған және өрбіген ортасы ең әуелі Терістікте Евразия даласы екендігін алға тартады. Егер бидің шынайы көркемөнерлік өнерге айналуы шаман дінімен байланысты болса, онда бидің ең алдымен жетілген орнының да Терістік даласы екендігін мөлшерлей аламыз.

Қазірге дейін адамдардың көбі ән мен жырдың, күйдің тарихы және тарихи деректері ең көне, ең мол молса керек деп ойлауы мүмкін. Іс жүзінде адамдар ең ерте қалдырыған мәдениет іздерінде ән мен күй емес, би басты орында тұрады. Евразия көшпелілерінің ең байыргы жазба деректері саналатын жартас суреттерінен әнді де, күйді де байқауға болмайды, қайта осыларға салыстырмалы түрде би көріністері молынан жолығады. Евразия даласындағы арғы заман жартас суреттерінде адамдардың би билеген көріністері жи үшпүрайды. Солардың арасында, шаман бақсыларының басына үкі тағыщ, денелеріне түрлі шашақты киім киіш, биге басқан көріністері Азияның терістігіндегі, әсіресе қазақ даласындағы жартас суреттерінде жолығады. Қазақстанның Баянжүрек жартас суреттері мен Шинжияның Бардақұл жартас суреттеріндегі осындаш шамандық бейнелер осыдан 3500 жылдың алдындағы туындылар деп бағаланған [3]. Осындаш жартас суреттерінде бейнеленген бақсы образы тек бақсылық киім киіш, жын шақырумен ғана тынбайды. Олар дабылын соғып немесе басқа күй аспаптарын шертіш, би билейді. Сонымен қоса әнге басады немесе тақдақташ атын атап, түсін түстеп иесі мен киесін шақырады, жын-шайтандарды қуады. Міне, біз бұлардан біздің арғы ата-бабаларымыздың әнінің, биінің, күйінің және әдебиетінің бастау көзінің тым арыда жатқандығын біле аламыз. Шығыс дүниесіндегі шаман бақсыларының қимылы туралы ең алғашқы жазба деректер Қытайдың Шаң (Қытайдың орга жазығында ең алғаш салтанат құрған патшалықтардың бірі) дәуіріндегі сүйек жазуынан (б.з.б. XIV ғ-дың ортасы- б.з.б. XI ғ-дың ортасы) жолығады. Шаңдардың тегінің өзі Орта жазықта Терістіктен келген көшшелі, малыш тайпа. Сүйек жазуларында шаң бақсыларының бал ашып жауын-шашынды, аңшылықты және жорықтар мен соғыстарды болжағандығы молынан жазылған [4]. Онда шаңдардың биге басың, жаңбыр тілегендігі, түс жорығандығы жазылған. Бұндай әдет Шаң дәуіріндегі Шаң өулеттерінде ғана емес, Шаң дәуіріндегі немесе одан да бұрынғы Терістік Азияның көшшелі ру-тайпаларында жалшы бар құбылыс екендігі даусыз. Америка үндістерінің ру басыларының басына таққан құс қауырсындары дәл осы Азиядан ала кеткен шаманизмың алғашқы

Күмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

туындыларынан екендігі белгілі. Америкалық қытай археологы Жаң Гуанджы мырза Қытайдың шаманизмның аргы сорабын 5000 жылдың аргы жағынан басталатын Терістік Қытай жауырыншылығы мен түрлі хайуанат бет суреттеріне дейін апарады [5].

Бірқыдыру ғалымдар ән, күй, билердің төркіні - адамдардың ең алғашқы дінни салттары, яғни ән, күй, билерді шаманизмдік ресімдердің туындысы деп беледі [6]. Жаратылыстан тысқары құдіретті күшпен байланыс жасаушы ерекше адамдар (бақсылар, сөүегейлер, білгірлер, т.б.) үстеріне әлем-жәлем күмдерді киіш, қолдарына күй аспаптарын алып, би билеп, ән айтып, құдіретті күшпен байланыс жасайды, иесін шақырады, жын-шайтандарды қуалайды. Тілеу тілеп, болашақты болжайды, т. б.

Шаман дініндегі пайда болған және өрбіген оргасы ең әуелі Терістіктегі Евразия даласы. Бидің шынайы көркеменерлік өнерге айналуы шаман дінімен байланысты десек, онда бидің ең алдымен жетілген орнының да Терістік даласы екендігін мөлшерлей аламыз. Шындығында, түркі тілді халықтарда би өнерінің жетілу себебін, оларда шаманизмнің барынша дамығандығынан іздейтін мамандар да баршылық.

Шаңдардың сүйек-сауыт бейнелі жазуында (алғашқы қытай иероглифі) биді білдіретін 舞 иероглифиңің алғашқы бейнесі екі қолына сиырдың құйыршығын ұстап биге басқан адамның бейнесі болған. Бұндай шамандық ие-киеге нану салты кейіндеу эстетикалық түске көшкендігі туралы мысалдарды, қытай жазуындағы көркем дегенді білдіретін 舞 иероглифиңен де байқауға болады. Осы иероглифтің сүйек-сауыт жазуындағы алғашқы көрінісі басына үкі тақсан адамның бейнесі болған. Демек, басына үкі тағудай шамандық құбылыс кейін эстетикалық мәнге ауысқан. Ал, қос қолына шашақ (құйыршық) ұстап биге басқан шамандық қимыл кейін сауықтық би болған.

Қытай жазуында бақсы дегенді де, би дегенді де “у” деп дыбысталайды. Алғашқы сүйек-сауыт бейнелі жазуындағы мәтіндерде би дегендегі 舞 (у) сөзі бақсылардың жаңбыр тілеп, тасаттық бергендердегі қимылына (билеген биіне) қаратылған. 舞 иероглифи қытай тілінде бақсы және ару, бикеш мағынасында беріледі. Бұл би мен бикештің жақындығын үғындырмай ма? “Бикеш” бәлкім аргы заманда билейтін қызыңшынаш (бақсы) болар. Ал “бике” әйел қышынаш болуы мүмкін. Ол заманда құшынаштың орнының жоғарылығына сай бұлар ерекше сыйлы атау болған. Соңдықтан да кейінгі қазақ тілінде “бикеш”, “бике” сыйлы атау болып қалған да шығар. Қытай тілінде де би дегендегі у (舞) мен бақсы дегендегі у (舞)-дың аргы ерте замандағы дыбысталуы (miwag) мен қазіргі дыбысталуы да бірдей.

«尹训», «书经», «墨子非乐» сияқты жазба деректерге негізделгенде, Жаң Чиянның Батыс Терістікке жасаған алыс сапарынан ілгері Хан патшалығы негізінен атақты ақын Чүй Юанның мекені - чулардың ән-бийн өзіне өрнек еткен [7]. Бұның себебі де осы өңірде Орта жазыққа қарағанда шаманизмдік

дала мәдениеті ұзакқа дейін дамыш, дәурендегендігінде болса керек [8]. Эн, би, күйдің байырғы замандағы ең негізгі қоздырушы құші - шаманизм Орга жазық жерінде тым ерте шектеуге ұшырай бастаған. Мамандар бұны Қытайдың орта жазығындағы қытай ұлтында ән, би және күйдің басқа ұлттарға қарағанда артта қалуының басты себебі деп қарайды [9]. Айтуларға қарағанда Чүй Юан өзінің арғы атасы санаған Жуан Шүй бақсылыққа тиым салған [10]. Мозы, Шия патшалығын аударған алғашқы Шияң патшасы Шияң Яңың бақсылыққа тиым салғандығын жазады [11].

Қазірге дейінгі Қытай тарихындағы тарихы ең ұзақ саналатын әдеби туынды Күңзы құрастырган “Жырнама” (诗经). Ол – халық арасынан жиналған өлеңдер жинағы. Ал, Чу еліндегі (Чу елі: Қытайдың Жоу патшалығы тарихында Чаңжиянның орта төменгі ағарында әкімият құрган ірі ел) әйгілі ақын Чүй Юанның (屈原) өлеңдері, яғни “Чу өлеңдері” (楚诗) бірден-бір ең ертедегі авторлық әдеби туынды саналады [12]. Оның қытай әдебиет тарихындағы орнын басқа әрқандай туынды баса алмайды. Біздің Чу өлеңдерін алға тартуымыздың мынадай бірнеше түрлі себебі бар:

Біріншіден, қытай әдебиетінің қайнар көзі, ең басты тұнық бұлағы саналатын “Чу өлеңдерін” оқысадыз, оны қазіргі көзқарасшен қарағанда Чаңжиянның орта-төменгі ағарындағы отырықшы, егінші елдің ақ сүйегі жазған өлең емес, қайта, терістіктері Хуаңхы бойы немесе оның терістігіндегі дала мәдениетіндік шаман мұритінің “бақсылық сарыны” деп қалуыңыз да мүмкін. “Чу өлеңдерінің” тұла бойынан шаманизмның ісі аңқыш тұрады. Тіпті, оның кей өлеңдерін шының түрдегі шаман бақсыларының “жын шақыруы” деуге болады. Чүй Юанның өлеңдерінде, “бақсы менен калшелер, жұпар иіс себінің, әлем-жәлем киінің, күймен бірге еліріп, биге баса желігіп, иелерін шақырады” [13]. Лин Хы мырза өзінің “Қытай бақсылық тарихы” атты еңбегінде, Чүй Юанды чу елінің бақсысы (巫官) деп жазады [14]. Ол оның әдеби жасампаздығын түгелімен діни әдебиетке жатқызады [15]. Чүй Юанның “Тәңірден сұрау”, “Тогыз жыр” атты өлеңдерін бір белім мамандар, ертедегі Вавилон ергегілері негізінде жазылған десе, енді бір тобы, байырғы батыс терістіктері көшшелілердің халық жырлары негізінде жазылған деп қарайды [16].

Әйгілі тарихшы Сын Жонмиян мырза дәл осы Чүй Юанның өлеңі “Айырылысудағы” (离骚) бірқыдыру жеке сөздердің төркінің терістіктері түркі тілдерімен төркіндестіріш және басқа да тарихи деректер негізінде чуларды Орга Азиадағы Медия жерінен Қыыр Шығыстағы Аңжияң өзенінің орта ағарына ауып барған түркі тілділер деп тұжырымдайды [17].

Әйгілі тарихшы профессор Фан Уынлан Қытай байырғы заман мәдениетін Орта жазықтың орда тарихшыларының мәдениеті және Чу елінің орда бақсыларының мәдениеті деп екіге бөледі [18]. Міне бұлардан шаманизм мен және оның басты уәкілдерінен болған бақсылықтың,

Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

шығыстың әнін, күйін, биін және әдебиеттің дамытудағы рөлшінің қаншалық зор болғандығын аңғаруға болады.

Оғыздар мен түріктер бақсыны қам дейді. Ол “қозғалу”, “шұғыл қозғалу”, “дірілдеу”, жоғары өрмелеуші мағыналарында, биші, секіріп билеуші дейтіндер бар. Ал, түрлі тарихи жазбаларында қазақтың арғы аталары танылатын сақтар, ғұндар, қаңлы, түріктер, кейінгі керейлер, наймандар, т.б. ұлыстар мен тайшаларда бақсылардың жын шақырыш биге басатындығы туралы деректерді молынан кездестіруге болады. Бұның көбі барпаға аян. Бақсы өзінің барлық бақсылық қимылын бақсылық ойнау арқылы орындаиды.

Биді жаратушылар мен таратушылардың басында бақсылар, абыз, дәруаштер тұрады. “Қорқыт ата кітабы” атты жырда:

Қара бір таудың төрінде,
Оғыз-қышпақ жерінде,
Қоныс еткен қабыргалы ұлыстан,
Қара бақсы шығышты,...
Жорға жыны бұлкілдең,
Бура жыны зіркілдең,
Айғыр жыны азына...

Міне бұдан да Қорқыттың жыны ұстағанда, бақсылық оянғанда, жорға болыш билеп, айғыр болыш азынаң, бура болыш зіркілдейтіні көрінеді. Осылай жалғасып келген бақсылық ойын қазақтар арасында жуық жылдарға дейін сақталыш келгені мәлім. Қазақта “бақсы ойнау”, “бақсы ойнату”, “бақсы ойнады” деген тіркестер үнемі кезігеді. Бұл жердегі “ойнау” деген сөзден онда белгілі өнер туындысы ретіндегі қасиет барлығына қаратылған.

Би билеу дегендегі “би” монғұлаша бұжиг; “би билеу” монғұлаша бұжиг бұжигләх; “бақсы” монғұлаша бөө, зайдан. Бұл түркі тіліндегіден мұлде бөтен, ал “бақсы ойнау” монғұлаша бөө буух немесе бұжиглүүләх. Бұдан ұғарымыз, бірі, “бақсы” сөзі таза түркілік сөз; енді бірі, монғұлашада би билеу дегендегі “билиеу” (бұжигләх) сөзі мен “бақсы ойнау” (бұжиглүүләх) деген сөзі бірдей. Бұдан бақсының ойнының да би билеу екендігін білеміз.

Бақсылық пен биліктің байланысы: Ертеде ақ аулау, саят құру, жорыққа аттану, соғысқа шығу, жолаушы, жортуылға шығу, бала босану, күда болу, той тілеу, тасаттық өткізу сияқты кез келген маңызды істердің барлығына бақсылар сәуегейлік айтып, пешім шығарып отырган.

Арғы замандардан тартыш, тіпті шаманизм пайда бола бастағаннан-ақ, бақсылықтың билікке араласа бастағандығы, яғни билікпен етене болғаны байқалады. Бұнда, бірі – бақсының өзі білік иесі; енді бірі – бақсы билік (кесім) айтушы немесе оған мұрындық болушы.

Бақсылық би арғы заманда бастысы аруақ, ие-кие шақыруға, пәле-қазаны қууга қолданылған. Ол кезде адамдар жауын-шашын тілегенде, жорыққа аттанып, соғысқа қатынасқанда, тағы сол сияқты барлық келелі

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2013

жұмыстарды бастарда, арақттан, ие-киеден жәрдем тілеген, бал ашып, сөүегейлік жасаған, жамандықты аластаған. Осы кезде күй (дабыл-даңғара, қобыз, т.б.), биге басып, бақсылық жасаған. Алда болар істерді болжаған.

Бақсылықтың билікке араласуы екі түрлі болған: бірі - елдің, ұлыстың басы өзі бақсы болған; енді бірі – ел басы бақсылардан кеңес алыш отырған немесе соларға ерекше құқық берген. Сонымен бақсылық билікпен етене байланысқан.

Жоғарда айтқанымыздай, байыргы Қытайда Шаң патшалары бақсылыққа тиым салғанымен, олардың патша немесе патша өuletі бақсылыққа ие болған, сондай-ақ бал ашып, болжам айтып, бақсылық ойнау құқығын патша өuletі мәңгерген. Тіпті бал ашып, болжал айту құқығы тек шаңдардың патшасындаған болған. Сүйек жазуларында Шаң патшасының бал ашып, жауын-шашынды, аңшылықты және жорықтар мен соғыстарды болжағандығы жазылған [19]. Шаң патшалары ерекше құқыққа ие азын-аулақ адамдардыңған бақсылықпен айналысұына жол қойған. Кейде, шиян патшалары бақсылардың басы (群巫之长) аталыш отырған [20]. Олар қараша халықтың бақсылық етуіне, бал ашып сөүегейлік айтуына тиым салған.

Бұл шаңдардың шаманизмнен, оның бақсы-балгерлерінен жерігендігінен емес, қайта оны жоғары билік жүйесіне енгізгендігін, ерекше қастерлеп, тек патша өuletінің уысындаған ұстауды, халықты шаманизм арқылы басқаруды көздегендігінен екендігі белгілі.

“Ханимада”: “Бөн Чау батысқа сапарға аттанатын болған соң, алдымен Үдүнға барды. Гуәндік хан елшілерін төтенище салқын қарсы алды. Оның үстініне олар бақсы-дуақандарға сенетін. Дуақан: “Хандіктеге неге бейімсіздер деп тәңірім шамырқанулы. Хан елшілерінің бірінің қаракер аты бар, тездеп соны сұрап әкеліш, маған атап сойындар”, – деді” деген мәтін жолығады, және “Гүн елінде бір жылдан артық тұрган Нейс санғұнының әтуерленіп кеткеніне Уй Лүйдің қызғанышы қозды. Бұл кезде Тәңіркүттің шешесі дертке шалдықсан еді. Уй Лүй марқұм болған Тәңіркүттің (Фалұкғанің) ренжігенін гүн бақсыларына болжаттырып: “Біз бұрын жасақтарымызға құрбандық атап тұрушы едік, Нейс санғұнын тірі ұстап құрбандыққа атаңдар деп көп айтқан едім, бұл өліге дейін неге орындалмады?” деген сөзді айтқызды. Содан кейін Нейс санғұны қамауға алынды. Ол: “Мен өлсем де ғұнның тұқымы құриды” деп лағнат айтты. Сонан Нейс санғұны құрбандыққа шалынды” дедінеді.

Міне ғұндардың бақсылары, өз еліне елшілікпен келген Хан елінің елшісінің мінген көлігін, тіпті ғұндарда тұрган Нейс санғұнының өзін құрбандыққа шалдырған. Бұдан ғұндарда бақсының орнының қаншалық жоғарылығын, олардың билікке қаншалық араласқанын білеміз.

Ғұндар жорыққа аттанғанда, тағы басқа келелі істерге шешпім жасағанда бақсыға жүгінші отырғандығы деректерден байқалады. “Сонау үйсін, қаңды дәуірлерінде арнаулы тасаттықтарды басқаратын шаман пайда болды...

Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

Шаман – арнаулы діни қимылдарды жүргізетін баксы. Адам мен әулие арасындағы елші. Барлық дәстүрлі салттардың айнымас қорғаушысы. Олар адамдар арасында аса жоғары беделге ие” [21].

“Жоунамада ” түріктер және олардың бақсыштылығы, бишілігі туралы мынадай баян жолығады: “Түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі сақ (索国) елінен шықты. Олардың ұлыс абасы Абам бек деп аталды. Олар он жеті ағайынды еді. Оның бірі Іді Нышпида еді, ол қасқырдан туды. Абам бектер тумысынан өте ақымақ болды да, мемлекеттері жойылып кетті. Ал Нышиданың табигаттың өзгеше құбылысын сезетін қасиеті бар еді. Ол құнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді. Ол екі әйел алды. Оларды жаз бер қыс тәңірінің қыздары дейді. (Оның бірі) бір құрсақ көтеріп төрт ұл тапты. Оның бірі акқуға (白鴻) айналды; біреуі Абасу мен Кем өзендері (剑) арасынан Қырғұр деген мемлекет құрды; енді бірі Чатша судың бойынан мемлекет құрды; тағы бірі Бас чатшаш тауында мекендейді. Бұл - оның ұлken ұлы еді. Бұл тауда Абам бектің ұрпақтары да болды. Олар көбіне аш-жалаңаш жүрүші еді. Ұлken ұлы от шығарыш олардың бойын жылытты, асырады және барлығына қолғабысын тигізді. Осылайша олар ұлken ұлды қопаметтец, өздерінің билеупісі етіп сайлады. Бұған түрік деген атақ берілді. Оның өз аты - Нағыд түрік шад еді. Нағыд түріктің он әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің әuletінің есімімен аталды. Аппа - оның кіші әйелінің баласы еді. Нағыд түрік өлгеннен кейін он әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды үйгарды. Олар бір бәйтеректің түбіне жиналды. Олар: “Қайсымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады” деп уәделесті. Аппа жасының кішілігіне қарамай бәрінен биік секірді. Соңан бауырлары оны Ағын шад деген лауазыммен қопаметтеп таққа отырғызды”.

Демек, біріншіден, түріктің ең алғашқы түрік атанған көсемі Нағыд әуелі бақсы болған; екіншіден, ағашқа секіру өнерін сынау арқылы мұрагерлік таққа ие болатын болған. Алтайда мекендейген татарлардың бақсылық қимылында ағашқа шығу (өрмелей) әдеті болған. Бұл ағашқа секіру іс жүзінде бақсылық бидің бір түрі; үшіншіден, Жапон оқымыстысы白鸟库吉 зергтеулерінде, түріктердің Аппа әuletінің аты дәл түрік тіліндегі ashina сөзінің баспа-бас алынуы дейді. Ол көне қытай тілінің дыбысталу заңдылығына сай, үйсін (鸟孙) ұлысының атын да “секіру” мағынасындағы ashina, ashina сөздерінен келген деп қарайды.

Юан хандығының Шиянзұң патшаның (Мөңкенің) туа біткен бір мінезі – саятшылықты жақсы көрді. Өзі мұнысын ата-бабамнан келе жатқан салтқа құрмет етуім, басқа елдердің патшаларын өнеге тұтқаным емес деуші еді. Бірақ ол бақсы-балгерлерге айрықшпа сенупі еді. Қандай іс істесе де, соларды құрмет тұтыш, солардан жөн сұрап отыратын еді. Бұлай іstemеген бірде-бір

күні жоқ десе де болады, ол өзінің бұл ісінен өмірі бой тартыш көрмеген еді [22].

Батыс түріктер арасына VI ғасырда келген рим монағы Zemarchus, 598-жылдар айналасында келген француз монағы Theophylacte Simocatta, одан да кейінгі керей, наимандардың арасына келген батыс монахтары түгелдей шаман бақсылары және олардың бақсылық ойындары (бителі) туралы жазады.

Шаман бақсыларының түріктер ішіндегі орны ерекше зор болған. Шамандар - көк тәңірдің өзі ұнатып қолдайтын, “тәңір иелерімен тілдесуші, кей иелерге тілін алғызуши” кісіci [23]. Олар тәңір ие мен адамдардың арасын жағастыруши, аруақтармен, ие, киелермен жолыбыш түратын “перісі” бар ерекше жаратылған, сөуегей жандар есептеледі.

Ірі өскери қымылдарды түгелдей шаман бақсылары бақсылық ойнау (бителі), бал ашы, сөуегейлік айту арқылы белгілең отырған. “Шаман - сиқыры бар және басқалардан білімі артық адам. Ол - ақын, құйші, сөуегей, сонымен қатар ол - дәрігер” [24]. Олар жын шақырыш, бақсы ойынын ойнайды; көкпен, иелермен тілдеседі; ел кезін сөуегейлік, балгерлік істейді - бал ашып ғайышты болжайды, алақанға қарап немесе құмалақ салып, адамдардың тағдырын сөйлейді. Адамдардың (аурулардың) тамырын ұстап, оларды ұшықтайтын. Дәрі-дәрмекпен емдел, тәуілтік істейді. Жын шақырыш ойнағанда әр бақсының айтатын арнаулы сарыны (әуені), домбыра, қобызда ойнайтын қүйі болған. Қазақ бақсылары барлық бақсылардың аргы атасы, шірі дең Қорқытқа (Дада Қорқұдқа) сиыныш, Қорқыт қүйін орындағатын болған. Олардың кейбіреуі басына аққу терісін жамыльш, мойнына әлем байлаң, аса таяқ асынған дуана болды. Олар атқа мініш, зікір айтыш, ел кезін жүретін. Бұрынғы кезде бақсылардың беделі жоғары болды. Қазақ қауымы оларға сенетін және оларды құрметтейтін, әсіресе, ауру-сырқауга таш болғанда, бақсы шақырып немесе оларды іздең барыш емделетін. Бақсы-балгер, құпшынаш, тәуілтердің емшілтік өнері атадан балаға мұра болыш жағасқан. Қазақтар ислам дінін қабылдаганнан кейін де бақсы-балгерлер ел ішінде көп болды. Бірақ олар дәуір өте келе беделді орнынан айрырылып ислам дініне бейімделді. Есік шамандық сарынға “алла хақ” деген сияқты исламдық мазмұнды қосып айтатын болды. Ондай бақсы-балгерлер, құпшынаштар қазақта әлі қүнге дейін аздаң кезігеді [25].

Би билеу мен биліктің немесе билік айтудың байланысы: Былай қарағанда би билеу мен биліктің еш қатысы жоқтай көрінеді. Іс жүзінде ертеде бұларда белгілі байланыс болған. Ел басы болған немесе ел басының ең жақын ақылшысы болған шаман бақсылары қоғамдық мәселелердің сан-саласына болжам жасаң, уағыз қойып, билік айтатын болған. Осындағы басты тәсіл тағы да бақсылық ойнаш, би билеп тәнірмен, ие-киелермен, аруақпен тілдесетін, солардың берген “аянына” сай билік айтатын болған.

Күмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

XVII ғасырда тірлік кешкен Махмұд Ибн Уәли өзінің “Баҳр әл-әсрәр фи манақиб әл-әхияр” атты едебегінде “Жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендөй тірліктен азат адамдардың” барлығы би деп аталғанын жазып кетті.

Ал «би» сөзінің мағынасына келсек, қазақ тілінде ол бірнеше мағына беретіні белгілі. Егер бұған дейін би сөзі әлеуметтік категорияны білдіретін бек сөзінен туындаш, сол мағынада ұғынылса, алғашқы ұлттық мемлекет құрылған сәттен бастап би сөзінің мән-мағынасы кеңейді. Біріншіден, ол хан кеңесшісі деген мағынаны берді. Екіншіден, қазақ хандығының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынасының нәтижесінде елші болыш баратын ресми өкілдер билерден құралатын болды. Үшіншіден, би сот билігін жүзеге асырушы адам болыш есептелінді. Төртіншіден, бидің алдыңғы міндеттін атқаруға қажетті қасиеттердің негізінде оның сөзге ұста, шешен деген лексикалық мағынасы қалыптасты.

Жоғарыда ауызға алғанмыздай, В.В.Бартольд “бек” сөзінің сонау орхон-енисей жазбаларынан бастап кездесетінін, осы орайда терминнің таза түркі сөзі ретінде кейіннен би сөзіне айналғанын айтады. В.В. Бартольд би термині XV ғасырдан бері қарай ғана кездесе бастайды дей келе, зерттеушілердің арасында тұнғыш рет қазактың биі мен қыргыздың манабы ұғымдарының өзара тығыз байланыстылығына көніл аударады. Іс жүзінде қазақ қоғамындағы ақсүйек, қарасүйек, төре, қараша ұғымдары мен сұлтан, би, батыр, бай, төлеңгіт тәрізді әлеуметтік категорияларды алғаш рет талдаған ғалым Е.Бекмахановтың шікірінше, қазақ қоғамындағы билер – айрықша құқықтық және экономикалық артықшылықтарға ие болушы топ өкілдері. Ақсүйек тұқымы болыш есептелеңтін сұлтандармен салыстырғанда көшшелі қауымның өз арасынан шыққан ру-тайшаның иігі-жақсылары. Аумалы-төкпелі, алмағайыш замандарды бастан кешкен халықтың өзіндік басқару жүйесі болды, ел қамын жеген ерлері, күн сайын дерлік бетпе-бет келіп отырған жер дауын, жесір дауын, барымта-сырымта дауларын шешіп беретін би-шешендері болған. Қазақ қоғамындағы билерге жүктелген міндет аса жауапты болған - бұзылған құқықты қалыпта келпіру, дау-таластарды шешу, әділдік орнату, қылмыстың алдын алып, қоғамда тыныштықты қамтамасыз ету, әдет-ғұрыш, салт-дәстүрді уағыздаушы, жауласқан рулар мен қауымдарды елдестіру. Билер неғұрлым көп болса, соғұрлым ел ішіндегі тәртіш берік болады деп есептелген. Көнеден қалған “би көп болса елдің құты” деген сөз осыны мәдзейді. Би атағына әркім де терең парасатты ақыл-ой, қыыннан қыстырыар ташқырылқ, елдің тарихын, әдет-ғұрыш, салт-дәстүр, атабаба жолын білгендей, асқан шешендей кеп қара қылды қақ жарған әділдік тәрізді ізгі қасиеттері арқылы ие болады. Билик кесу кезінде олқылықтар жіберу, би үшін бедел, атақ-абыройдан айрылу - ең ұлкен жаза. Қазақ халқы қай кезде де орақ тілді, от ауызды, қара қылды қақ жарған әділ билерін, шешендері мен ақындарын ел билеген хандарынан бетер қадір тұтқан. Олар

айтқан кесімді сөздер ұрпақтан-ұрпаққа жетіш, тұтас бір халықтың даналық мектебіне айналған. “Билер кім?” деген сұраққа мынандай тұжырымдалармен жауап беруге болады: Би - көсем, шешен, ақын, заңгер, елші, мәмілегер, жүрек жұтқан батыр, саясаткер, қоғам қайраткері, ойшыл ғалым, психолог, әртіс, тәрбиепші. Соңдықтан да халықтың билерді өзінше сипаттауы да жиі ұшырасады.

Сайып келгенде, арғы заманның билері шаман бақсылары болған. Ол кезде бүкіл елдің ең білімдісі де, ең тылсым, сәуегей абызы да, кез келген қоғамдық мәселеге болжам жасап, билік айту салауатына иесі де дәл осы бақсылар болған. Тіпті байыргы Қытайды Шандардың патшалары бақсы болған, тұріктер бақсылық әнер көрсету (би билеу) арқылы ізбасар таңдаған, т.б. Билік иесі бақсылар билік айту алдында биге басып бақсылық ойнайтын болған. Сонымен, билік, би билеу, билік айту бір түйінге айналған немесе бір түйіннен таралған. Бұл биліктегі “би” мен би билеу дегендегі “би” бидің төркіндес болуының себебі.

Би билеу мен билікті білдіретін еki “би” сөзінің этимологиясын жоғардағыдан талдауда Бартольдтың билікті білдіретін “би” сөзі түрік бітік тастарында жолығатын “бек”, “беклік” сөзінен өзгеріп келген деген тұжырымын терістеуден аулақызы.

Біздің бұл мақаламызда, Бартольдтың шікірін құптаі отырып, дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің иесін білдіретін “би” мен саз ыргағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін көне әнер түрі “би” екеуі байланысты, яғни бір түбірден тараған дегенді ұсынбақсыз. Яғни, түрік бітік тастарындағы мәтіндерде жолығатын билікті білдіретін “би” сөзінің арғы тегі “бек” сөзі болсын, соңғы көне түркі жазбаларында жолығатын би билеу дегенді “бидің” арғы төркіні деп қарауға болатын “бұдік” сөзі болсын, осының барлығының арғы тегі бақсылыққа барыш тірелетіндігін, әрі бұл еki сөздің де (бәк мен бұдік) өзара текtes екендігін көрсету.

Ең соңғы бір мәселе, қазақ тіліндегі “бидің” арғы төркіні би билеудегі би ме, әлде биліктегі би ме? Бұл екеуінің қай бірінің де болу мүмкіндігі бар. Шаманның бақсылық ойнаш (би билеп) барып шығарған билігі, оның құқығы сол би атымен аталған болуы да немесе шаман өзі би болғандықтан оның ойнаған ойныны да солай би аталған болуы мүмкін. Тағы бір жағынан, монғұл тілінде би билеу дегендегі “би”: бұжиг (бұл көне түрік тіліндегі “бұдікten” төркіндес әрі монғұл тіліне түркі тілі арқылы барған болуы мүмкін); билік сияқтылар бүкілдей басқаша, ноёрхол, захираж т.б. бес деген сез язгууртан. Бұлардан білеріміз, “би” сөзінің әсілгі төркіні би билеу дегендегі би. Ал биліктегі осы би билеудегі “би” сөзінен барған деп қарауға болады. Қазақ тіліндегі би билеудегі “би” көне түрік тіліндегі “бұдікten”, биліктегі “би” “бекten” өзгеріп келген деген күнде де жоғарыдағы қорытынды құрыла береді.

Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

Бұл арада билікті білдіретін “бек” сөзі мен би билеудегі “бұдік” сөзінің төркіндестігін ішкерілей зерттеуге тұра келеді. Қазақ тілінде “бек”, “бектік” сөздері сақталып қалған. Ол, өзін емес басқа осы атты үстанғандар арқылы жетіп тұрган болар. Кейінгі қазақ хандығы құрылғаннан кейін қазақта бек лауазымы да, бектік те болған емес. Қайта ол “білік”, “би” түрінде сақталған.

Көне түрік тіліндегі билікті көрсететін “бек” пен би билеу деген мағынасындағы “бұдік” те дыбыстық жақтан тым жақын, бірі-бірінен өзгерген деп қарауға болады. Тіпті, бір жағынан түркі тілдеріндегі “бақсы” сөзі де осы “бек” (бекші) сөзімен төркіндес болуы мүмкін. Бұл ішкерілей зерттеуді қажет етеді. Осылай болса, бақсы, би (би билеу), би (билік) үшеуі бір түйіннен таралған деп қарауға болады да, бақсы не биші, не билік иесі мағынасын береді.

Тіпті бұл арада, егер қазақтағы “би” сөзі көне түркінің би мағынасын беретін “бұдік” сөзінен келген деген күннің өзінде және осы “би” сөзіне қазақ, қырғыз, татар, тывалардың мұрагерлік еткені байқалады. Бұл сөз үйғұр, өзбектерде “ұсұл”, түрік, өзерилерде батыстықтарша “таңсы” болып қалыптасады.

Би билеудегі “би” сөзі үйғұр, өзбек тілдерінде ұсұл (usul); қазақ, қырғыз, татар, тыва тілдерінде би (bij); өзери, түрік тілдерінде таңсы; сібеше mahsin; парсыша: رقص; арабша: الراقص (дәрекүс).

Біз жоғарыда, жапон оқымыстысы 白鸟库吉 тың, түріктердің апна әулетінің аты дәл түрік тіліндегі ashina сөзінің баспа-бас алынуы, ол көне қытай тілінің дыбысталу заңдылығына сай, үйсін (乌孙) ұлысының атын да “секіру” (билиеу) мағынасындағы ashina, ashina сөздерінен келген деп қарайтындығын айтқан едік. Бәлкім, үйғұр, өзбек тілдеріндегі биді білдіретін “ұсұл” сөзі осымен байланысты болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дужан К. “Кекпекті округі қазақтарының үйлену әдет-ғұрыптары”, 1885 ж. 28-ақпан.
2. Басқаков Н. «Түркі тілдері» (үйғұрта), Бейжин, Үлттар баспасы, 1986 ж.
3. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。Жан Гуанжы. «Әсеменер, миф және тасаттық». 2002 ж. ақпан.
4. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。
5. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。
6. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。
7. “Он екі мұхам жөнінде” (үйғұрша басылым), 34-бет, Үлттар баспасы, 1981 ж. Бейжин.
8. Құмарұлы Я. “Алыстағы ата мұра”, Үлттар баспасы, 2003 ж. Бейжин.
9. 林河：《中国巫傩史》，花城出版社，2001年。Лин Хы: «Қытай баксылық тарихы», 2001.
10. 林河：《中国巫傩史》，花城出版社，2001年。
11. 张光直：《美术、神话与祭祀》，辽宁教育出版社，2002年。
12. 林河：《中国巫傩史》，543页，广州，花城出版社，2001年。
13. 《楚辞》(Чу өлеңдері)»

14. 林河：《中国巫史》，广州，花城出版社，2001 年。
15. 林河：《中国巫史》，广州，花城出版社，2001 年。
16. «郭沫若全集»，考古版第一卷，84 页，科学出版社，1982 年版。«Го Моро шығармалары». Археология. 1 том, Ғылым баспасы, 1982.
17. 岑仲勉：《楚辞注要翻案的有几十条》，中山大学学报，1961 年，第 2 期。Сын Жонмиян: «Чу өлеңдеріндегі Гүманды түйіндер», Жоншан университеті ғылыми журналы, 1961. №2.
18. 林河：《中国巫史》，广州，花城出版社，2001 年。
19. 张光直：《美术、神话与祭祀》，辽宁教育出版社，2002 年。
20. 张光直：《美术、神话与祭祀》，辽宁教育出版社，2002 年。
21. Юань тарихы 3-бума, Билік баян-3, Шиянзұң (мөнке).
22. 苏北海：《哈萨克文化史》，新疆大学出版社，1989 年，168 页。Су Бейхай: «Қазақ мәдениет тарихы», 1989.
23. Сәкен Сайфуллин. “Шығармалар” 6-том, 56-б.
24. Қытайдың будда тарихы (қытайша), 83-б.
25. Мырзақанұлы Ж. «Қазақ мәдениетінің айдыны», Шинжияң жастар-өрендер баспасы, 2006 ж. мамыр.

РЕЗЮМЕ

На первый взгляд происхождение слово «Би» кажется банальным, но его истинное значение находится в глубине. Все это сходится к вопросам от куда происходит суть этого слова. Как его нужно понимать, было ли у казахов это «Би» (танец) если было, то с каких времен. Обращается внимание на взаимосвязь между танцами (би билеу) и властью (билик). Автор в своей статье научно анализирует происхождение слова.

(Кумарулы Я. Происхождение слово «Би»)

SUMMARY

At first glance, the origin of the word "Be" seems trite, but its true value lies in the depths. All this converges to questions from where comes the essence of this word. As it is necessary to understand whether the Kazakhs is the "Be" (dance), if so, what times. Draws attention to the relationship between these dances (bi Bileu) and power (Bilik). Author in his article analyzes the origin of the word science.

(Kumaruly Ya. Origin of the word "Bi")

ÖZET

“Biy” kelimesinin anlamı çok eski ve derindir. Onu açıklamak için, biy söyü nereden, ne zaman çıktı? Onu nasıl anlamalıyız? Kazaklıarda eskiden biy kelimesi var mıydı? Yazar Bu ve Bunun gibi birkaç soru yu cevaplardırmaya çalışmaktadır.

(Kumarulu Y. “Biy” kelimesinin kökü)